

**№ 2 Абай сайлау  
округі бойынша  
қалалық мәслихатқа  
депутаттыққа  
кандидат  
ЕРКЕН  
КАБАСҰЛЫ  
ШАИХОВ**



### **ӨМІРБАЯНЫ**

Еркен Кабасұлы Шаилов Шығыс Қазақстан облысында 1962 жылы шаруа отбасында дүниеге келді. 1985 жылы Өскемен қаласының Құрылыс-инженерлік институтын бітіріп, "инженер-механик" деген мамандық алып, жолдамамен Екібастұз қаласына келді. Осы қалада 1991 жылға дейін автобазаның бас инженеріне дейін өсті. Екібастұз қаласы әкімдігінің жанындағы "Жолаушылар тасымалдау" бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды. 2002 жылдан бастап "Шығыс" ЖШС-нің директоры қызметін атқарады. "Шығыс" ЖШС Екібастұз, Пав-

лодар, Астана қалаларында жолаушылар тасымалдаумен және "Богатырь", "Шығыс" кеніштерінің жұмысшыларын тасымалдаумен айналысады.

Марапаттаулар:

- Қаланың 50 жылдығында "Қала алдындағы еңбегі үшін" белгісімен марапатталды;  
- Мәшһүр Жүсіп кесенесін салғанда қосқан үлесі үшін облыс әкімінің Мақтау қағазымен марапатталды;

Үйленген, екі баласы бар.

Хобби: спорт, аң, балық аулау.

### **БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Жолаушылар тасымалдаудың жағдайын жақсартып, одан әрі дамыту;
2. Автомобиль жолдарының уақытылы әрі сапалы жөндеуден өткізуін бақылау және жол белгілерінің, бағдаршамдардың дұрыс жұмыс істеуін бақылау;
3. Қалалық көкөніс базарымен салыстырғанда муниципалдық базарда көкөніс құнын 15-20% түсіру, қалада көкөніс өсіру, оны сақтау және құндылығын бағалау арқылы;
4. Жастар саясатына ерекше назар аудару; үш және одан да көп балалы жас отбасыларына тұрғын үй несиелерін жабуда мемлекеттік жәрдем ақы (үстеме ақы) беру мәселесі.
5. Әр зейнеткерге ерекше қамқорлық

Депутаттық қызметім кезінде "Нұр Отан" партиясының мүмкіндігін пайдалана отырып, қалалық, облыстық мәслихат депутаттарымен тығыз байланыста боламын.

*Республикалық бюджет есебінен төленді. Шағаруға жауапты Е.А.Балтабаев*